ТІЛДІҢ ӨРКЕНДЕУІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

ӨЗ АЛДЫНА МЕМЛЕКЕТ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСҚАН ӘРБІР ҰЛТТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – САН ҒАСЫР СҮРЛЕУІНЕН ӨТКЕН АНА ТІЛІ. ӘЛЕМНІҢ ӘР ҚИЫРЫНДА МЕКЕН ЕТЕТІН ХАЛЫҚТЫҢ БІРЕГЕЙ БОЛМЫСЫН АЙШЫҚТАЙТЫН ТӨЛ ТІЛІ – ТӨЛҚҰЖАТЫ. АҚИҚАТЫНДА ҰЛТ ТЕҢДІГІ ҮСТЕМДІК ҚҰРУ ҮШІН РУХАНИ ИММУНИТЕТ – ТІЛ ҚУАТЫ ӘЛСІРЕМЕУ ҚАЖЕТ. АРАЙЛАП АТҚАН АҚ ТАҢНЫҢ ШАПАҒЫНА БӨЛЕНГЕН ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ШАҢЫРАҒЫНДА АНА ТІЛІ САЛТАНАТ ҚҰРУЫ ТИІС.

Балтабай ОРДАБЕКОВ

Ана тілінің зеңгір биіктен көрінген шексіз құдіретін айшықтай түскен ғалымдар сан алуан бағытта зерттеу жүргізгені белгілі. Түркі халықтарының ішінде дүниежүзіне таралу жағынан үздік үштікке кіретін ана тіліміз ғасырлар тоғысында жаңғырып отырды. Қазақ тілі білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсыновтың «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау» деген орнықты ойы бар. Әлемдегі ең таза тіл ретінде танылған негізгі құндылығымызда дәстүр мен ғұрып жарасым тапқан. Сондықтан да әр қазақтың бойында тектілік ана сүтімен дарыған тіл өзегінен нәр алады. Алтын тот баспайтындай сөз зергерлері тіл құнарын құлдыратпауды көздейді.

Жөргегінен әлдилеген ана үніне құлақ асқан қайсар мінезді қазақ ұлты тіл мерейін түсірмейді. Әлем картасынан ойып тұрып орын алған еліміз қиын кезең мен ғаламат дәуірді бастан өткерді. Мың жылдықтар тоғысында шайыр біткен тілдің тиегін ағытып, құзырындағы мықты қаруға айналдырды. Халықты қыл шыбырдай бетімен ыдыратпас үшін зерделі сөздерін зейіндеріне тоқыды. Қараңғы түнектен жарық сәулеге жол бастаған ғұлама біткен ана тілінің қадір-қасиетін бұқараға аңғартты. Туыстықтың тамырын тереңге жайған ұлы дала ұрпақтары тілдің өміршеңдігіне аса көңіл бөлуі маңызды.

«Тілі мәңгі жасаған халықтың өзі де өлмейді» деген тәмсіл бар. Бойына бар білімді жиған адамзат баласының баға жетпес байлығы басындағы еркіндігі. Сонау ықылым заманнан жауына тізесін батырып, ұланғайыр қазақ жерін қорғаған дана халқымыз ана тілінің абыройын аяқ асты қылмаған. Тіл бойында еркіндік, тәуелсіздік, қайсарлық, ғәм тәкаппарлық салтанат құрады. Қай кезде де ойы еркін, сөзі нық адам еңсесі биік елге қарата пәрмен жүргізеді. Артынан қалың бұқараны ертеді.

Тәуелсіздіктің жарқын үлгісі мемлекет құрылымында тіл қоғамның айнасына айналады. Тұтас ұрпақтың ғасырлық еңбегі жатқан ана тілінің тарих жылнамасында өзіндік алар орны ерекше. Мемлекеттік тілдің негізі қазақ хандығы құрылып, өз алдына билік еткен дәуірден қалыптасты. Ұлт ғұмыры – саналы ұрпақ қолында. Ұлы мұра тіліміздің жойылмауы әлемдік арена төрінен нық орын алуына байланысты. Кез келген халық тілінде шынайы этникалық тұтастығы, мәдениеті, саяси, экономикалық, әлеуметік сипаты үстемдік етеді. Егемендікке қол жеткізген еліміз мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтті. Өткенді саралаған ұлт зиялылары ғалымдардың зерттеулерін елеп-екшеп, тілдік құрылымды сапалы етуге үлес қосты. Бүгінгі қоғамның басты мақсаты – тіл мерейін көтеріп, рухани құндылығымызды алтын тұғырдан түсірмеу. Ол үшін әрбір қазақ түпкі тарихына үніліп, заман көшінен қалмай ана тілін қастерлей білу керек.

«ХХ ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті» деген Ахмет Байтұрсынов ізін жалғаған ұрпақтар сабақтастығы тілді қаз-қалпында сақтай алғанда жалғасады. Тілі тозған, арып азған, беделі түскен ұлттың жер бетінен жойылып кетуі әп-сәтте. Сондықтан мемлекеттік тілді шұрайлы, көркем, баға жетпес байлық рентінде төрге оздырайық.

ТІЛДІҢ ӨРКЕНДЕУІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Өз алдына мемлекет болып қалыптасқан әрбір ұлттың құндылығы – сан ғасыр сүрлеуінен өткен ана тілі. Әлемнің әр қиырында мекен ететін халықтың бірегей болмысын айшықтайтын төл тілі – төлқұжаты. Ақиқатында ұлт теңдігі үстемдік құру үшін рухани иммунитет – тіл қуаты әлсіремеу қажет. Арайлап атқан ақ таңның шапағына бөленген әр қазақтың шаңырағында ана тілі салтанат құруы тиіс.

Ана тілінің зеңгір биіктен көрінген шексіз құдіретін айшықтай түскен ғалымдар сан алуан бағытта зерттеу жүргізгені белгілі. Түркі халықтарының ішінде дүниежүзіне таралу жағынан үздік үштікке кіретін ана тіліміз ғасырлар тоғысында жаңғырып отырды. Қазақ тілі білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсыновтың «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау» деген орнықты ойы бар. Әлемдегі ең таза тіл ретінде танылған негізгі құндылығымызда дәстүр мен ғұрып жарасым тапқан. Сондықтан да әр қазақтың бойында тектілік ана сүтімен дарыған тіл өзегінен нәр алады. Алтын тот баспайтындай сөз зергерлері тіл құнарын құлдыратпауды көздейді.

Жөргегінен әлдилеген ана үніне құлақ асқан қайсар мінезді қазақ ұлты тіл мерейін түсірмейді. Әлем картасынан ойып тұрып орын алған еліміз қилы кезең мен ғаламат дәуірді бастан өткерді. Мың жылдықтар тоғысында шайыр біткен тілдің тиегін ағытып, құзырындағы мықты қаруға айналдырды. Халықты қыл шыбырдай бетімен ыдыратпас үшін зерделі сөздерін зейіндеріне тоқыды. Қараңғы түнектен жарық сәулеге жол бастаған ғұлама біткен ана тілінің қадір-қасиетін бұқараға аңғартты. Туыстықтың тамырын тереңге жайған ұлы дала ұрпақтары тілдің өміршеңдігіне аса көңіл бөлуі маңызды.

«Тілі мәңгі жасаған халықтың өзі де өлмейді» деген тәмсіл бар. Бойына бар білімді жиған адамзат баласының баға жетпес байлығы басындағы еркіндігі. Сонау ықылым заманнан жауына тізесін батырып, ұланғайыр қазақ жерін қорғаған дана халқымыз ана тілінің абыройын аяқ асты қылмаған. Тіл бойында еркіндік, тәуелсіздік, қайсарлық, hәм тәкаппарлық салтанат құрады. Қай кезде де ойы еркін, сөзі нық адам еңсесі биік елге қарата пәрмен жүргізеді. Артынан қалың бұқараны ертеді.

Тәуелсіздіктің жарқын үлгісі мемлекет құрылымында тіл қоғамның айнасына айналады. Тұтас ұрпақтың ғасырлық еңбегі жатқан ана тілінің тарих жылнамасында өзіндік алар орны ерекше. Мемлекеттік тілдің негізі қазақ хандығы құрылып, өз алдына билік еткен дәуірден қалыптасты. Ұлт ғұмыры – саналы ұрпақ қолында. Ұлы мұра тіліміздің жойылмауы әлемдік арена төрінен нық орын алуына байланысты. Кез келген халық тілінде шынайы этникалық тұтастығы, мәдениеті, саяси, экономикалық, әлеуметік сипаты үстемдік етеді. Егемендікке қол жеткізген еліміз мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтті. Өткенді саралаған ұлт зиялылары ғалымдардың зерттеулерін елеп-екшеп, тілдік құрылымды сапалы етуге үлес қосты. Бүгінгі қоғамның басты мақсаты – тіл мерейін көтеріп, рухани құндылығымызды алтын тұғырдан түсірмеу.

Ол үшін әрбір қазақ түпкі тарихына үніліп, заман көшінен қалмай ана тілін қастерлей білу керек.

«ХХ ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті» деген Ахмет Байтұрсынов ізін жалғаған ұрпақтар сабақтастығы тілді қаз-қалпында сақтай алғанда жалғасады. Тілі тозған, арып азған, беделі түскен ұлттың жер бетінен жойылып кетуі әп-сәтте. Сондықтан мемлекеттік тілді шұрайлы, көркем, баға жетпес байлық рентінде төрге оздырайық.

Балтабай ОРДАБЕКОВ

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық конкурсына қатысу үшін өтінім

1. Т.А.Ә. Ордабеков Балтабай Аябекұлы

2. Жасы: 25-те

3. Білімі: Журналистика мамандығының бакалавры

4. Жұмысы: Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің тілшісі
5. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қазақ №21 үй
6. Байланыс телефондары 87073411971, 87078893960
7. Мақала, бағдарлама, БАҚ атауы, жарияланған күні:

1) «Тілдің өркендеуі – тәуелсіздік жемісі»
2) «Үздік мақала»
3) Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газеті
4) 19.05.2020 жыл

Қосымша ақпарат БАҚ саласында жұмыс өтілі 4 жыл.

Қолы: Орд

Күні: 19.05.2020 ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖЕКЕ КУӘЛІК

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УДОСТОВЕРЕНИЕ ЛИЧНОСТИ

ТЕГІ / ФАМИЛИЯ
ОРДАБЕКОВ

АТЫ / ИМЯ
БАЛТАБАЙ

ӘКЕСІНІҢ АТЫ / ОТЧЕСТВО
АЯБЕКҰЛЫ

ТУҒАН КҮНІ / ДАТА РОЖДЕНИЯ
13.10.1994

ЖСН / ИИН 941013301865



045710183

ТУҒАН ЖЕРІ / МЕСТО РОЖДЕНИЯ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛ.

ҰЛТЫ / НАЦИОНАЛЬНОСТЬ
ҚАЗАҚ

БЕРГЕН ОРГАН / ОРГАН ВЫДАЧИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ

БЕРІЛГЕН КҮНІ – ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ / ДАТА ВЫДАЧИ – СРОК ДЕЙСТВИЯ
27.01.2020 26.01.2030

IDKAZ0457101833941013301865<<<
9410132M3001260KAZ<<<<<<<<<<<7
ORDABEKOV<<BALTABAY<<<<<<<<<<<